



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қ

2019 жылдың 21 қарашасы

Биржа "KASE Day in Almaty" өткізді

Қазақстан қор биржасы (KASE) 2019 жылдың 21 қарашасында Алматы қаласының ірі компания өкілдері мен Биржаның серіктестерімен "KASE Day in Almaty" бизнес-таңғы ас өткізді.

Іс-шара кәсіпкерлерге қор нарығының құралдары арқылы банктік несиелендіру баламасы ретінде қаржы тарту мүмкіндіктері туралы ақпарат беруге бағытталды.

"KASE Day in Almaty" қатысушылары компаниялар үшін қор нарығының құралдары арқылы қаржы тарту ідістері туралы білуге мүмкіндік берілді, қор нарығының жаңа өнімдерінің артықшылықтарымен танысу, сондай-ақ сарапшылармен қазақстандық биржалық нарықтың даму үрдістерін талқылау мүмкіндігі туды.

Кәсіпкерлер іс-шара барысында спикерлерге қаржы тарту мүмкіндіктері мен қор нарығындағы инвестициялау, акциялар мен биржалық облигацияларды алғашқы орналастыру және мүмкіндіктері туралы сұрақтар қойып, мәселені талқылады.

Бизнес-таңғы ас Алматы қаласының әкімдігінің басшылығы, Алматы қаласындағы "Атамекен" кәсіпкерлер аймақтық палатасы басшылығы, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры және БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткізілді.

Іскери таңғы ас түріндегі іс-шараны Биржа 2017 жылдан бері тұрақты түрде өткізіп келеді. Ағымдағы жылы "KASE Day". Шымкент, Ақтөбе, Ташкент (Өзбекстан), Минск (Беларусь) және Москва (Ресей) қалаларында өткізілді.

Анықтама үшін

Анықтама үшін "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады. Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz